

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Жунисбекова Ж.А.** – п.ғ.к., доцент, **Жунисбекова Д.А.** – п.ғ.к., доцент,  
**Оразбай А.** – ЕП-18-3к1 тобының студенті, М.Әуезов ат.ОҚМУ,  
**Керимбекова Р.А.**- аға оқытушы, «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы  
және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, Шымкент, Қазақстан

Ойын-баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады.

Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын адамның дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті.

Тұлғаның әрекеті ретінде ойын құрылымына келесі:

- Мақсаткерлік;
- Жоспарлау;
- Мақсатты іске асыру;

- Тұлға өзін субъект ретінде толық көрсететін нәтижелерді талдау сияқты кезеңдер жатады.

Ойын әрекетінің түрткісі оның еріктілігімен, таңдау мүмкіндігі, жарыс элементтері болуымен қамтамасыз етіледі.

Үрдіс ретінде ойын құрылымына:

- Ойнаушының өзіне таңдаған рөлдері;
- Сол рөлдерді іске асыру құралы ретіндегі ойын элементтері;
- Нәрселердің ойындық қолданылуы, яғни шынайы нәрселердің шартты түрде не ойын түріне ауыстырылуы;

- Ойнаушылар арасындағы шынайы қарым-қатынастар;

Ойын құрылымына оның процесі ретінде жатқызылады:

а) ойнаушының өзіне алған ролі;

б) осы рольдер іске асырылуының қоспасы ретіндегі ойын іс-әрекеті;

в) пәндерді ойын түрінде пайдалану;

г) ойыншылар арасындағы шынайы қарым-қатынас;

д) сюжет (мазмұн) - ойындағы «шындық аумағы» Ойындық әрекет бағдарламасын зерттеген ғалымдар пікірінше ойын педагогикалық мәдениет феномені ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

- Әлеуметтендіру қызметі.

Өйткені, ойын - баланы күшті қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу және оған мәдениет байлығын игерту құралы.

- Ұлттаралық қатынас құралы қызметі.

Ойын - бала әрекетінің бір түрі, онда бала өмірдің алуан түрлі құбылыстарын, ересектердің қарым-қатынасын, шындықты бейнелейтін қоғам өмірі туралы білімдерін кеңейтіп, бірдей көзқарастың пайда болуына көмектеседі. Атақты бала психологиясын зерттеуші Д.Б. Эльконин ойынның әлеуметтену үрдісінде атап айтқан. Ол сюжеттік ойынның құрылымын қайта қарастырып, ойын ішіндегі баланың атқаратын рөлін бөліп көрсеткен. Ойын әрекеті - рөлдік ойындармен тығыз байланысты. Бұл әрекеттің түпкі ниеті - шындықты бейнелеу болып табылады. Ойынның

тағы бір компонентті - ереже. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат бере отырып, ереже арқылы баланың іс-әрекет жасағаның сезініп, оның ойнауға деген қызығушылғын танытып, белсенді қатыстыру.

Дидактикалық ойын адамгершілікке тәрбиелеудің құралы болып табылады. Дидактикалық ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді жеңіл келеді. Сондықтан дидактикалық ойынды іріктеп алуға нақтылы сабақтың мақсаты, мүмкіндіктері мен жағдайларын ескертуге ерекше назар аударған жөн.

Дидактикалық ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

Дидактикалық ойындардың тиімділігі, олардың оқыту кезеңіндегі орны мен міндетін және мақсатын дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасының тәрбиешінің жетік игеруіне, шеберлік танытуына, ойын түрлерін, оған қажетті материалдардың жиынтығын алдын-ала дайындап алуға, ойын процесіне балаларды белсенді ұйымдастыруға байланысты.

Дидактикалық ойындардың қайсысын болмасын өткізу барысында балалар түрлі іс-әрекеттерді орындайды. Дегенмен олардың қандай да бір іс-әрекеттің басым орындалуына орай топтастыруға болады.

### **Әдебиеттер**

1. Тихомирова Л.Ф. Развитие познавательных интересов детей: популярное пособие для родителей и педагогов. – Ярославль: Академия развития, 2007. - 240 с.

2. Қойшыбаева Н.И. және т.б. Педагогикалық психология. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2017. – 370 б.